



Мәдени ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Палестина мемлекеті Үкіметінің арасындағы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 сәуір N 495

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1995 жылғы 27 желтоқсанда Газада қол қойылған мәдени ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Палестина мемлекеті Үкіметінің арасындағы Келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Палестина Мемлекетінің Үкіметі арасындағы
мәдени ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Палестина Мемлекетінің Үкіметі,
екі мемлекет пен олардың халықтары арасындағы достық қатынастарды нығайту ниетін көздей отырып,
мәдениет, ғылым мен білім, бұқаралық ақпарат құралдары, туризм мен спорт салаларындағы, сондай-ақ жастар істері жөніндегі салада ынтымақтастық пен алмасуды дамытуға ұмтыла отырып,
мына төмендегілер жайында келісті:

1-бап

Тараптар мәдениет, ғылым мен білім, бұқаралық ақпарат құралдары, туризм мен спорт салаларында, сондай-ақ жастар істері жөніндегі салада ынтымақтастық пен алмасуды дамытуға жәрдемдеседі.

2-бап

Тараптар мына төмендегі бағыттар бойынша мәдениет саласындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі:

- мәдениет пен өнер күндерін, кинофестивальдар өткізу, өзаралық негізінде көркемөнерпаздар мен жеке орындаушылардың гастрольдерін ұйымдастырады;

- бейнелеу өнері мен декоративтік-қолданбалы өнердің көрмелерін өткізу;

- мәдениет, әдебиет, өнер қайраткерлерінің делегациялармен алмасу;

- әдеби шығармаларды аудару және жариялау;

- екі елдің мұражайлары, кітапханалары, архивтері арасындағы ынтымақтастық.

Тараптар екі елдің мәдениет мекемелері арасында тікелей қарым-қатынас орнатылуын көтермелеп отырады.

3-бап

Тараптар мына төмендегі бағыттар бойынша білім беру саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады:

- бірлескен ғылыми зерттеулер өткізу, конференцияларға, симпозиумдарға және семинарларға қатысу үшін ғалымдар, оқытушылар және мамандар алмасу;

- жоғарғы оқу орындарында оқу және тағылымдамалардан өту үшін тегін әрі тең жағдайда студенттер мен аспиранттар алмасу;

- екі ел халықтарының тілі мен әдебиетін, тарихи мен мәдениетін оқып үйрену;

- оқулықтар мен университеттік курстарда екі мемлекеттің тарихын, жағырапиясының қоғамдық-саяси дамуын шынайы бейнелеу ісінде өзара іс-қимыл ж а с а у ;

- оқулық әдебиет, әдістемелік құралдар және оқулық теледидар бағдарламаларын а л м а с у .

4 - б а п

Тараптар оқу орындары мен ғылым мекемелері берген куәліктерді, дипломдарды, атақтарды және ғылыми дәрежелерді өзара танудың мүмкіндіктерін қарастырады, және

бұл мәселе бойынша жеке Келісім жасасады.

5 - б а п

Тараптар телефестивальдар өткізуді, кино, видео және телефильмдерді бірлесіп жасауды, сондай-ақ баспа басылымдарын, теле-және радиобағдарламалар, делегациялар және мамандар алмасуды қоса есептегенде, екі елдің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

6-бап

Тараптар туристік топтар, жаттықтырушылар, спорт командаларын, мамандар алмасу, сондай-ақ спорттық іс-шаралар ұйымдастыру жолымен туризм мен спорт саласындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

7-бап

Тараптар жастар ұйымы арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесіп, жастар алмасуды дамытуға ықпал жасайды.

8-бап

Осы Келісімді түсіну мен қолдануға қатысты даулар келіссөздер мен консультациялар арқылы шешілуге тиіс.

Тараптардың өкілдері қажет болған жағдайда немесе Тараптардың бірінің өтінуі бойынша осы келісімнің орындалуына қатысы бар мәселелерді қарау үшін Аралас Комиссия түрінде кездесіп отырады.

9-бап

Тараптар Келісімді орындаудың қаржылық және ұйымдық жағдайларын анықтайтын Келісім жөніндегі уақытша атқару бағдарламаларын талдап жасайды.

Екі Тараптың тиісті министрліктері мен ведомстволары осы Келісімде көзделген салалардағы ынтымақтастық туралы жеке келісімдер жасайды.

10-бап

Осы Келісім үшінші Тараптардың басқа да халықаралық Келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

1 1 - б а п

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі

мемлекеттік процедураларды орындағаны туралы мәлімдеме алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалды. Егер Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданыста болуын тоқтатқысы келетіні туралы бес жылдық мерзім біткенге дейін кемінде алты ай бұрын екінші Тарапқа жазбаша түрде мәлімдемейтін болса, оның қолданыста болу мерзімі келесі бес жылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

Газа қаласында 1995 жылғы 27 желтоқсанда қазақ, араб және орыс тілдерінде үш дана болып жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Палестина Мемлекетінің
Үкіметі үшін